

## **Алматы облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз мөлшерлерін белгілеу туралы**

Алматы облыстық мәслихатының 2025 жылғы 22 қазандағы № 42-233 бірлескен шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 321 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 50-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабындағы 1-тармақтың 13) тармақшасына және 27-бабындағы 1-тармақтың 8) тармақшасына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихаты шешімінің және Алматы облысының әкімдігі қаулысының қосымшасына сәйкес Алматы облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері белгіленсін.

2. "Алматы облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз мөлшерлерін белгілеу туралы" бірлескен Алматы облыстық мәслихатының 2011 жылғы 14 қазандағы № 51-286 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2011 жылғы 17 қазандағы № 212 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2080 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихаты шешімінің және Алматы облысының әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихатының шешімі және Алматы облысы әкімдігінің қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облыстық мәслихатының төрағасы*

*Алматы облысының әкімі*

*Қ. Байғоджаев*

*М. Сұлтанғазиев*

Бірлескен Алматы облыстық  
мәслихатының 2025 жылғы 22  
қазандағы №42-233 шешімі мен  
Алматы облысы әкімдігінің 2025  
жылғы 22 қазандағы №321 қаулысына  
қосымша

**Алматы облысының жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерлері**

| (гектармен)                      |                                                                                                                                                                                  |                      |                                                                                                                                               |                      |
|----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|
| Аудандар мен қалалардың атаулары | Жеке меншік құқығымен немесе уақытша жер пайдалану құқығымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз мөлшері                                              |                      |                                                                                                                                               |                      |
|                                  | Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына (ортақ үлестік меншік (үлестік жер пайдалану) құқығының қатысушыларына (мүшелеріне), қолданылмайды) |                      | Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына және олардың үлестес тұлғаларына тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін |                      |
|                                  | барлығы                                                                                                                                                                          | оның ішінде суармалы | барлығы                                                                                                                                       | оның ішінде суармалы |
| Балқаш                           | 5,5                                                                                                                                                                              | 1                    | 5,5                                                                                                                                           | 1                    |
| Еңбекшіқазақ                     | 10,5                                                                                                                                                                             | 0,5                  | 10,5                                                                                                                                          | 0,5                  |
| Жамбыл                           | 4                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 4                                                                                                                                             | 0,5                  |
| Іле                              | 6                                                                                                                                                                                | 1,35                 | 6                                                                                                                                             | 1,35                 |
| Қарасай                          | 2                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 2                                                                                                                                             | 1                    |
| Кеген                            | 21,65                                                                                                                                                                            | 1,2                  | 21,65                                                                                                                                         | 1,2                  |
| Райымбек                         | 21,65                                                                                                                                                                            | 1,2                  | 21,65                                                                                                                                         | 1,2                  |
| Талғар                           | 8                                                                                                                                                                                | 1,27                 | 8                                                                                                                                             | 1,27                 |
| Ұйғыр                            | 5                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 50                                                                                                                                            | 5                    |
| Алатау қаласы                    | 5                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 5                                                                                                                                             | 0,5                  |
| Қонаев қаласы                    | 5                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 5                                                                                                                                             | 0,5                  |
| Аудандар мен қалалардың атаулары | Уақытша жер пайдалану құқығымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз мөлшері                                                                           |                      |                                                                                                                                               |                      |
|                                  | Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға                                                                                      |                      | Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік заңды тұлғаларға                                                                     |                      |
|                                  | барлығы                                                                                                                                                                          | оның ішінде суармалы | барлығы                                                                                                                                       | оның ішінде суармалы |
| Балқаш                           | 5,5                                                                                                                                                                              | 1                    | 5,5                                                                                                                                           | 1                    |
| Еңбекшіқазақ                     | 10,5                                                                                                                                                                             | 0,5                  | 10,5                                                                                                                                          | 0,5                  |
| Жамбыл                           | 4                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 4                                                                                                                                             | 0,5                  |
| Іле                              | 6                                                                                                                                                                                | 1,35                 | 6                                                                                                                                             | 1,35                 |
| Қарасай                          | 2                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 2                                                                                                                                             | 0,5                  |
| Кеген                            | 21,65                                                                                                                                                                            | 1,2                  | 21,65                                                                                                                                         | 1,2                  |
| Райымбек                         | 21,65                                                                                                                                                                            | 1,2                  | 21,65                                                                                                                                         | 1,2                  |
| Талғар                           | 8                                                                                                                                                                                | 1,27                 | 8                                                                                                                                             | 1,27                 |
| Ұйғыр                            | 5                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 50                                                                                                                                            | 5                    |
| Алатау қаласы                    | 5                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 5                                                                                                                                             | 0,5                  |
| Қонаев қаласы                    | 5                                                                                                                                                                                | 0,5                  | 5                                                                                                                                             | 0,5                  |

